

Есімдік (Местоимение)

Есімдіктер – заттың атын, сынын, санын, я олардың аттарын білдірмейтін, бірақ солардың орнына жұмсалатын сөз табы. Есімдіктер жіктеледі, септеледі тәуелденеді және көптеледі. Мағыналарына қарай есімдіктер мынадай топтарға бөлінеді:

1. Жіктеу есімдігі
2. Сілтеу есімдігі
3. Сұрау есімдігі
4. Өздік есімдік
5. Жалпылау есімдігі
6. Белгісіздік есімдігі
7. Болымсыздық есімдігі

1) Жіктеу есімдіктер – белгілі бір жақ түрінде қолданылатын есімдіктің түрі. Мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар деген сөздер жатады.

2) Сілтеу есімдік – нұсқау және көрсету мағыналарын көрсетеді: бұл, мынау, анау, сол, мына, міне.

3) Сұрау есімдігі – жауап алу мақсатында қойылған сұрақтар. Қазақ тіліндегі барлық сұраулы сөздер жатады: кім? неше? қайда? неге?

4) Өздік есімдігі – әр түрлі тұлғадағы өз деген бір ғана сөз: өз, өзім, өз-өзіне, өзіміз.

5) Жалпылау есімдігі – жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіретін есімдіктің түрі: барлық, бәрі, тегіс, түгел, күллі.

6) Белгісіздік есімдігі - белгісіз мәнде айтылатын сөздер. Жасалауына әр, бір, әлде деген үш сөз ұйтқы болып қызмет атқарады: әркім, әлдекім, әрқалай, бірнеше, бірдеме, кейбір, әрқалай.

7) Болымсыздық есімдігі – болымсыздық мағынаны білдіреді. Негізінде еш деген сөзбен кейбір есімдіктердің бірігуі арқылы жасалады: ешкім, ешқайда, ештеме, ешқашан, дәнеңе.

III. Мағынасына қарай (по значению)	Жіктеу (личные)	мен (я), сен (ты), сіз (вы), ол (он, она, оно), біз, біздер (мы), сендер, сіздер (вы), олар (они)
	Сілтеу (указательные)	бұл, осы, мына, мынау (этот, эта, это), сол, ана, анау (тот, та, то)
	Сұрау (вопросительные)	кім? (кто?), не? (что?), неше? (сколько?), қай? (который?), қандай? (какой?), қалай? (как?), қашан? (когда?) қайда? (где?), қайдан? (откуда?), нешінші? (который по порядку?)
	Өздік (возвратные)	өз (свой), өзім (я сам), өзің (ты сам), өзіңіз (вы сами), өзі (он сам), өзіміз (мы сами), өздерің, өздеріңіз (вы сами), өздері (они сами)

	<p>Белгісіздік (неопределенные)</p>	<p>біреу (кто-то, некто, кто-либо), кей, кейбір (некоторый, некоторая, некоторое), бірдеңе (что-то, нечто, что-либо)</p>
	<p>Болымсыздық (отрицательные)</p>	<p>ешкім (никто), ешбір (ничто), ештеме, дәнеме (ничего), ешқашан (никогда), ешқайда (никуда), ешқандай (никакой)</p>
	<p>Жалпылау (определяющие)</p>	<p>бәрі, барлық, бүкіл, барша (весь, вся, все), әр, әрбір (каждый, каждая, каждое)</p>